

Білім беру жүйесіне тексеру жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері мен тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2012 жылғы 05 карашадағы № 492 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 07 желтоқсанда № 8136 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 4 тамыздағы № 509 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 04.08.2015 № 509 бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13 және 15–баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қ о с а б е р і л і п о т ы р ғ а н :

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес білім беру жүйесіне тексеріс жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бастауыш, негізгі орта білім беру жүйесіне тексеріс жүргізу бойынша тексеру парағының нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жалпы орта білім беру жүйесіне тексеріс жүргізу бойынша тексеру парағының нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіне тексеріс жүргізу бойынша тексеру п а р а ғ ы н ы ң н ы с а н ы ;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіне тексеріс жүргізу бойынша тексеру парағының н ы с а н ы б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (С.Ә. Ырсалиев):

1) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат қ ұ р а л д а р ы н д а ж а р и я л а с ы н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі М.К. Орынхановқа жүктеледі.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің

2012 жылғы 5 қарашадағы № 492

бұйрығына 1-қосымша

Білім беру жүйесіне тексеріс жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері

1. Білім беру жүйесіне тексеріс жүргізу бойынша жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері (бұдан әрі - Критерийлер) мемлекеттік білім беру ұйымдарында жоспарлы тексеріс жүргізу үшін әзірленді.

2. Осы Критерийлерде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) тәуекел – білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметі сапасының төмендеу ықтималдығы;

2) тексерілетін бақылау субъектілері – бастауыш, негізгі орта, орта (жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру), орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейлері бойынша білім беру қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар және субъектілері болып табылатын білім беру мекемелері;

3) өлшеу коэффициенті – тәуекел дәрежесін бағалау үшін критерийдің сапалы көрсеткішіне байланысты берілетін коэффициент.

3. Уәкілетті орган және оның аумақтық органдары тексерілетін субъектілерді олардың қызметі туралы мәліметтер және (немесе) тексеру нәтижелері негізінде жинаған балдарын ескере отырып тәуекел дәрежелеріне бөледі.

4. Тәуекел дәрежесін бағалау үшін осы Критерийге 1, 2, 3 және 4-қосымшаларда көрсетілген критерийлер қолданылады.

5. i критерийінің балдық мағынасы Π_i формуласымен анықталады:

$$\Pi_i = D_i \times K_{ij} \quad (1)$$

онда D_i - олардың жалпы көрсеткішінен i критерийінің үлесі (балмен),

K_{ij} - i критерийіне арналған өлшеу коэффициенті, онда $K_{ij} = 0,1; 0,5; 1,0$ ($j = 1$; 2 ; 3 ; 4 болғандағы)

k білім беру ұйымының тәуекелділік деңгейін бағалауға арналған R_k жиынтық көрсеткіші мына формула бойынша анықталады:

$$R_k = \sum \Pi_i = \sum (D_i \times K_{ij}) \quad (2)$$

Ең жоғарғы балл 100 балды құрайды, ең төменгі — 10 балл.

R_k жиынтық көрсеткіші бойынша k ұйымы үшін тәуекелдік аймағы анықталады.

6. Тексерілетін бақылау субъектілерін әр білім беру деңгейі үшін тәуекел дәрежелеріне жатқызу аймағы осы Критерийге 5-қосымшаға сәйкес анықталады.

Білім беру жүйесіне тексеріс жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау критерийлеріне 1-қосымша

Бастауыш, негізгі орта білім беру қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін

№	Тәуекел дәрежесін бағалау критерийінің атауы (Pi)	i критерийінің балдық мәні, Di	Өлшеу коэффициентін анықтаудың сапалық көрсеткіштері	Салмақ коэффициенті Kij
1	2	3	4	5
1	Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкес болуы, (П1)	20	Бұзушылықтың болмауы	1
			Талаптардың 30 %-ға дейін сақталмауы	0,5
			Талаптардың 30 %-дан артық сақталмауы	0,1
2	Жоғары және бірінші санатты мұғалімдердің үлесі, (П2)	19	Біліктілік талаптарына сәйкес келеді	1
			Біліктілік талаптарына сәйкес келмейді	0,1
3	Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық және материалдық емес активтердің болуы, (П3)	17	Бар	1
			Жоқ	0,1
4	Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы, (П4)	15	Бар	1
			Жоқ	0,1
5	Білім алушылар контингентіне шаққанда толық оқу цикліне келетін оқу әдебиеті қорының болуы, (П5)	15	Біліктілік талаптарына сәйкес келеді	1
			Біліктілік талаптарына сәйкес келмейді	0,1
6	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы, (П6)	14	Бар	1
			Жоқ	0,1

Білім беру жүйесіне тексеріс жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау критерийлеріне 2-қосымша

Жалпы орта білім беру қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін

№	Тәуекел дәрежесін бағалау критерийінің атауы (Пі)	і критерийінің балдық мәні, Ді	Өлшеу коэффициентін анықтаудың сапалық көрсеткіштері	Салмақ коэффициенті
1	2	3	4	5
1	Оқу жұмыс жоспарының үлгілік оқу жоспарына сәйкес болуы, (П1)	15	Бұзушылықтың болмауы	1
			Талаптардың 30 %-ға дейін сақталмауы	0,5
			Талаптардың 30 %-дан артық сақталмауы	0,1
2	Жоғары және бірінші санатты мұғалімдердің үлесі, (П2)	15	Біліктілік талаптарына сәйкес келеді	1
			Біліктілік талаптарына сәйкес келмейді	0,1
3	Білім алушылар контингентіне шаққанда толық оқу цикліне келетін оқу әдебиеті қорының болуы, (П3)	14	Біліктілік талаптарына сәйкес келеді	1
			Біліктілік талаптарына сәйкес келмейді	0,1
4	Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің болуы, (П4)	14	Бар	1
			Жоқ	0,1
5	Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы, (П8)	14	Бар	1
			Жоқ	0,1
6	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы, (П6)	14	Бар	1
			Жоқ	0,1
7	Қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандырылған оқу пәндеріне арналған кабинеттердің болуы (байланыс және коммуникация құралдары, желілік қарым-қатынас, кең аумақты интернет, мультимедиялық кабинеттер, интерактивтік тақта, аудио және видеотехника, цехтар және шеберханалар), (П7)	14	Бар және талаптарға сәйкес	1
			Бар, алайда талаптардың 30 %-ға дейін сақталмауы	0,5
			Жоқ	0,1

Білім беру жүйесіне тексеріс жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау критерийлеріне 3-қосымша

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін

№	Тәуекел дәрежесін бағалау критерийінің атауы (Pi)	i критерийінің балдық мәні, Di	Өлшеу коэффициентін анықтаудың сапалық көрсеткіштері	Салмақ коэффициенті Kij
1	2	3	4	5
1	Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі, (П1)	10	Бұзушылықтың болмауы	1
			Талаптардың 30 %-ға дейін сақталмауы	0,5
			Талаптардың 30 %-дан артық сақталмауы	0,1
2	Жоғары және бірінші санаттағы оқытушылардың және (немесе) магистрлер, ғылыми дәрежесі және атағы бар оқытушылардың үлесі (П2)	10	Біліктілік талаптарына сәйкес келеді	1
			Біліктілік талаптарына сәйкес келмейді	0,1
3	Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің болуы, (П3)	10	Бар	1
			Жоқ	0,1
4	Оқу және оқу-әдістемелік әдебиеті қорының болуы, (П4)	10	Біліктілік талаптарына сәйкес келеді	1
			Біліктілік талаптарына сәйкес емес	0,1
5	Білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (білім беру деңгейлері бойынша), (П5)	10	Қаулы талаптарының сақталуы	1
			Қаулы талаптарының 30 %-ға дейін сақталмауы	0,5
			Қаулы талаптарының 30 %-дан артық сақталмауы	0,1
6	Білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары (білім беру деңгейлері бойынша), (П6)	10	Қаулы талаптарының сақталуы	1
			Қаулы талаптарының 30 %-ға дейін сақталмауы	0,5
			Қаулы талаптарының 30 %-дан артық сақталмауы	0,1
7	Білім алушының бір жылғы оқуына жұмсалатын ең төменгі шығыстардың Қазақстан	6	Оқуға жұмсалатын шығыс 100% сәйкес келеді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен белгіленген нормадан жоғары	1
			Оқуға жұмсалатын шығыс Қазақстан Республикасы	

	Республикасы Үкіметінің қаулысында көзделген шығыстар деңгейіне сәйкестігі, (П7)		Үкіметінің қаулысымен белгіленген норманың 91-99%-ы шегінде	0,5
			Шығыстар Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен белгіленген норманың 90%-ынан кем	0,1
8	Өндірісте өндірістік оқытуды ұйымдастыру, (П8)	6	Өндірістік практика бойынша кәсіпорындармен шарттардың болуы	1
			Мамандықтардың 30%-дан төмені өндірістік практика бойынша кәсіпорындармен шарттарға отырумен қамтамасыз етілген	0,5
			Өндірістік практика бойынша кәсіпорындармен шарттар жоқ	0,1
9	Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы, (П9)	6	Бар	1
			Жоқ	0,1
10	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы , (П10)	6	Бар	1
			Жоқ	0,1
11	Оқу-зертхана жабдықтарымен жарақтандырылған кабинеттердің болуы (П11)	6	Бар	1
			Жоқ	0,1
12	Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптардың болуы (П12)		Бар	1
			Жоқ	0,1

Білім беру жүйесіне тексеріс жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау критерийлеріне 4-қосымша

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметін жүзеге асыратын білім беру ұйымдары үшін

№	Тәуекел дәрежесін бағалау критерийінің атауы (Pi)	i критерийінің балдық мәні, Di	Өлшеу коэффициентін анықтаудың сапалық көрсеткіштері	Салмақ коэффициенті Kij
1	2	3	4	5
1		9	Бұзушылықтың болмауы	1
			Талаптардың барлық санына шаққандағы 30%-ға дейін сақталмауы	0,5

	Оқу жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкес болуы, (П1)		Талаптардың барлық санына шаққандағы 30%-дан артық сақталмауы	0,1
2	Штаттағы оқытушылардың олардың жалпы санына шаққандағы үлесі, олардың бейінді пәндер циклдары бойынша дәрежеленуі, (П2)	9	Біліктілік талаптарына сәйкес	1
			Бір көрсеткіш бойынша сәйкес келмейді	0,5
			Екі көрсеткіш бойынша сәйкес емес	0,1
3	Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін және қазіргі заман талаптарына сай қажетті оқу және зертханалық құралдармен жабдықтылуы, (П3)	6	Талаптарға сәйкес	1
			Жоқ немесе талаптарға сәйкес емес	0,1
4	Кітапхана қоры, (П4)	6	Біліктілік талаптарына сәйкес	1
			Талаптар 50 %-ға дейін сәйкес келеді	0,5
			Біліктілік талаптарына сәйкес емес	0,1
5	Студенттің (магистрант) бір жылғы оқуына жұмсалатын ең төменгі шығыстардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік тапсырысты бекіту жөніндегі қаулысында көзделген шығыстар деңгейіне сәйкестігі, (П5)	7	Оқуға жұмсалатын шығыс 100% сәйкес келеді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен белгіленген нормадан жоғары	1
			Оқуға жұмсалатын шығыс Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен белгіленген норманың 91-99%-ы шегінде	0,5
			Шығыстар Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен белгіленген норманың 90%-ынан кем	0,1
6	Білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (білім беру деңгейлері бойынша), (П6)	7	Қаулы талаптарының сақталуы	1
			Қаулы талаптарының 30 %-ға дейін сақталмауы	0,5
			Қаулы талаптарының 30 %-дан артық сақталмауы	0,1
7	Білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары (білім беру деңгейлері бойынша), (п7)	7	Қаулы талаптарының сақталуы	1
			Қаулы талаптарының 30 %-ға дейін сақталмауы	0,5
			Қаулы талаптарының 30 %-дан артық сақталмауы	0,1

8	Білім алушыларды ауыстыру және оқуға қайта қабылдау қағидалары (білім беру деңгейлері бойынша), (П8)	7	Қаулы талаптарының сақталуы	1
			Қаулы талаптарының 30 %-ға дейін сақталмауы	0,5
			Қаулы талаптарының 30 %-дан артық сақталмауы	0,1
9	Әскери мамандықтардан басқа, ұйымдармен және кәсіпорындармен ғылыми зерттеу ж ә н е тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге шарттардың болуы, (П9)	7	Барлық мамандықтар бойынша шарттардың болуы	1
			Барлық мамандықтың 30 %-дан кемі шарттармен қамтамасыз етілген	0,5
			Шарттар жоқ	0,1
10	Студенттер контингентінің (бір оқытушыға шаққанда) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес болуы, (П10)	7	Біліктілік талаптарына сәйкес	1
			Талаптардың 30%-ға дейін сәйкес келуі	0,5
			Сәйкес емес	0,1
11	Практикадан өткізу базалары ретінде белгіленген ұйымдармен шарттардың болуы, (П11)	7	Барлық мамандықтар бойынша кәсіпорындармен шарттардың болуы	1
			Барлық мамандықтың 30%-дан кемі кәсіпорындармен шарттарға отырумен қамтамасыз етілген	0,5
			Кәсіпорындармен шарттар жоқ	0,1
12	Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы, (П12)	7	Бар	1
			Жоқ	0,1
13	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы , (П13)	7	Бар	1
			Жоқ	0,1
14	Тиісті мамандық бойынша штатта ғылым докторының немесе екі философия (PhD) докторының болуы; әскери мамандықтар үшін ғылым докторының немесе философия (PhD) докторының болуы, (П14)	7	Бар және талапқа сәйкес	1
			Бар, алайда штатта емес	0,5
			Жоқ	0,1

Білім беру жүйесіне тексеріс жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау критерийлеріне 5-қосымша

Білім берудің әр деңгейі үшін тәуекел дәрежесінің аймағы

№	Тәуекел дәрежесінің аймақтары	Рк, балл
ЖОО-дары		
1	Жоғары дәрежелі тәуекел аймағы	10-40 балл (33,3 %)
2	Орташа дәрежелі тәуекел аймағы	41-70 балл (33,3 %)
3	Төмен дәрежелі тәуекел аймағы	71-100 балл (33,3 %)
Колледждер мен кәсіптік лицейлер		
1	Жоғары дәрежелі тәуекел аймағы	10-20 балл (11,1 %)
2	Орташа дәрежелі тәуекел аймағы	21-40 балл (22,2 %)
3	Төмен дәрежелі тәуекел аймағы	41-100 балл (66,7 %)
Мектептер		
1	Жоғары дәрежелі тәуекел аймағы	шағын жинақталған мектептер үшін: 10-20 балл (12,2 %) басқа мектептер үшін: 10-30 балл (22,3%)
2	Орташа дәрежелі тәуекел аймағы	шағын жинақталған мектептер үшін: 21-35 балл (16,6 %) басқа мектептер үшін: 31-50 балл (22,2%)
3	Төмен дәрежелі тәуекел аймағы	шағын жинақталған мектептер үшін: 36-100 балл (72,2 %) басқа мектептер үшін: 51-100 балл (55,5%).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ым м и н и с т р і н і ң
2 0 1 2 ж ыл ғы 5 қ а р а ш а д а ғы № 4 9 2
бұйрығына 2-қосымша
Нысан

Бастауыш, негізгі орта білім беру жүйесіне тексеріс жүргізу бойынша тексеру парағы

1. Тексеруді тағайындаған орган: _____
2. Бақылау субъектісінің атауы _____
3. Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы, телефоны, электронды адресі): _____
4. БИН: _____
5. Тексеру тағайындау туралы акт: 20 ____ жылғы « ____ » _____ № _____

№	Білім беру қызметіне қойылатын талаптар	Б	БЖ	ІБЖ	ҚБ	ҚТЖ

1	Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларының сақталуы. ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 112 Қаулысы					
2	Жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының сақталуы.					
3	3.1. Бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес болуы:					
	жұмыс оқу жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі;					
	жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі олардың жалпы санының 20 %-нан кем болмауы;					
	білім алушылар контингентіне шаққанда бір білім алушыға толық оқу цикліне саны кемінде 15 бірлік басылымнан келетін оқу әдебиеті қорының болуы;					
	білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы;					
	білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы;					
	меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық және материалдық емес активтердің болуы					
	3.2. Негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес болуы:					
	жұмыс оқу жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі;					
	жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі олардың жалпы санының 30 %-нан кем болмауы;					
	білім алушылар контингентіне шаққанда бір білім алушыға толық оқу цикліне саны кемінде 15 бірлік басылымнан келетін оқу әдебиеті қорының болуы;					
	білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы;					
	білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы;					
	меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық және материалдық емес активтердің болуы;					
	интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен, оқу-зертхана жабдықтарымен жарақтандырылуы.					

Ескерту: Б - бұзушылықтар бар
БЖ – бұзушылықтар жоқ
ІБЖ – іс барысында жойылды
ҚБ – қайта бұзушылық
ҚТЖ – қайта тексеру барысында жойылды

Лауазымды

тұлға:

20 ____ жылғы « ____ » ____

(Т . А . Ә .)

(қ о л ы)

Тексерілу

субъектісінің

өкілі:

20 __ жылғы «__» __

(Т.А.Ә.)

(қолы)

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м

ж ә н е

ғ ы л ы м

м и н и с т р і н і н

2012

ж ы л ғ ы

5

қ а р а ш а д а ғ ы

№

492

бұйрығына 3-қосымша

Нысан

Жалпы орта білім беру жүйесіне тексеріс жүргізу бойынша тексеру парағы

1. Тексеруді тағайындаған орган: _____

2. Бақылау субъектісінің атауы _____

3. Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы, телефоны, электронды адресі): _____

4. БИН: _____

5. Тексеру тағайындау туралы актісі: 20__ жылғы «__» __ №__

№	Білім беру қызметіне қойылатын талаптар	Б	БЖ	ІБЖ	ҚБ	ҚТЖ
1	Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларының сақталуы. ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 112 Қаулысы					
2	Жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының сақталуы.					
3	Жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес болуы:					
	жұмыс оқу жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі;					
	жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі олардың жалпы санының 30 %-нан кем болмауы;					
	білім алушылар контингентіне шаққанда бір білім алушыға толық оқу цикліне саны кемінде 25 бірлік басылымнан келетін оқу әдебиеті қорының болуы;					
	білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы;					
	білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы;					
	меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық және материалдық емес активтердің болуы;					

	интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен, оқу-зертхана жабдықтарымен жарақтандырылуы.					
--	--	--	--	--	--	--

Ескерту: Б - бұзушылықтар бар
БЖ – бұзушылықтар жоқ
ІБЖ – іс барысында жойылды
ҚБ – қайта бұзушылық

ҚТЖ – қайта тексеру барысында жойылды

Лауазымды _____ тұлға:

_____ 20__ жылғы «__» _____

(Т.А.Ә.) (қолы)

Тексерілу субъектісінің өкілі:

_____ 20__ жылғы «__» _____ (Т.А.Ә.)

_____ (қолы)

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің

2012 жылғы 5 қарашадағы № 492

бұйрығына 4-қосымша

Нысан

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіне тексеріс жүргізу бойынша тексеру парағы

1. Тексеруді тағайындаған орган: _____

2. Бақылау субъектісінің атауы _____

3. Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы, телефоны, электронды адресі): _____

4. БИН: _____

5. Тексеру тағайындау туралы актісі: 20__ жылғы «__» _____ № _____

№	Білім беру қызметіне қойылатын талаптар	Б	БЖ	ІБЖ	ҚБ	ҚТЖ
1	Білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының сақталуы (білім беру деңгейлері бойынша). ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 130 Қаулысы.					
2	Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 112 Қаулысы					
3	Кәсіптік орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесі.					

4	Кәсіптік бастауыш білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесі.					
5	5.1. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес болуы					
	жұмыс оқу жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі;					
	штаттағы оқытушылардың үлесі олардың жалпы санының 70 % кем болмауы;					
	жоғары және бірінші санаттағы оқытушылар және (немесе) магистрлер үлесі олардың жалпы санының 30 %-нан кем болмауы;					
	білім алушылар контингентіне шаққанда бір білім алушыға толық оқу цикліне саны кемінде 25 бірлік басылымнан келетін оқу әдебиеті қорының болуы;					
	интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен, оқу-зертхана жабдықтарымен, арнайы оқу жабдығымен жарақтандырылуы;					
	практикадан өткізу базалары ретінде белгіленген ұйымдармен жасалған шарттардың болуы;					
	білім алушының бір жылғы оқуына жұмсалатын ең төменгі шығыстардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті оқу жылына арналған техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты бекіту жөніндегі қаулысында көзделген шығыстар деңгейіне сәйкестігі;					
	білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы;					
	білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы;					
	меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық және материалдық емес активтердің болуы .					
	5.2. Орта білімнен кейінгі білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес болуы:					
	штаттағы оқытушылардың үлесі олардың жалпы санының 70 %-нан кем болмауы;					
	жоғары және бірінші санаттағы оқытушылардың және (немесе) магистрлердің, ғылыми дәрежелері және атақтары бар оқытушылардың үлесі олардың жалпы санының 40 %-нан кем болмауы;					
	білім алушылар контингентіне шаққанда бір білім алушыға толық оқу цикліне саны кемінде 25 бірлік басылымнан келетін оқу және оқу-әдістемелік әдебиеті қорының және цифрлы тасымалдағыштарда оқу жоспарының кемінде 20% (әскери мамандықтардан басқа) болуы;					
	жұмыс оқу жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі;					

интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен, оқу-зертхана жабдықтарымен, арнайы оқу жабдығымен жарактандырылуы;					
практикадан өткізу базалары ретінде белгіленген ұйымдармен жасалған шарттарының болуы;					
білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы;					
білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы;					
меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық және материалдық емес активтердің болуы					

Ескерту: Б - бұзушылықтар бар
БЖ – бұзушылықтар жоқ
ІБЖ – іс барысында жойылды
ҚБ – қайта бұзушылық
ҚТЖ – қайта тексеру барысында жойылды

Лауазымды тұлға:

_____ 20__ жылғы «__» _____

(Т.А.Ә.) (қолы)

Тексерілу субъектісінің өкілі:

_____ 20__ жылғы «__» _____ (Т.А.Ә.)

(қолы)

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің

2012 жылғы 5 қарашадағы № 492

бұйрығына 5-қосымша

Нысан

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіне тексеріс жүргізу бойынша тексеру парағы

1. Тексеруді тағайындаған орган: _____

2. Бақылау субъектісінің атауы _____

3. Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы, телефоны, электронды адресі): _____

4. БИН: _____

5. Тексеру тағайындау туралы актісі: 20__ жылғы «__» _____ № _____

№	Білім беру қызметіне қойылатын талаптар	Б	БЖ	ІБЖ	ҚБ	ҚТЖ
1	Жоғары білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының сақталуы. ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 111 Қаулысы.					
2	Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының сақталуы. ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 109 Қаулысы.					
3	Білім алушылардың білім беру ұйымдарының үлгілері бойынша қабылдау қағидаларының сақталуы. ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 110 Қаулысы.					
4	Білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидаларының сақталуы. ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 108 Қаулысы.					
5	Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларының сақталуы. ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 112 Қаулысы.					
6	Жоғары білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының сақталуы.					
7	Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының сақталуы.					
8	8.1. Рухани (діни) білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес болуы:					
	даярлық бейіні бойынша жоғары діни білімі бар және діни бірлестіктер қоятын талаптарға сәйкес келетін штаттағы оқытушылардың болуы;					
	білім алушылар контингентіне шаққанда бір білім алушыға толық оқу цикліне дінтану сараптамасынан өткен саны кемінде 50 бірлік басылымнан келетін оқу әдебиеті қорының және цифрлы тасымалдағыштарда оқу жоспарының кемінде 20 % болуы;					
	меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі оқу-материалдық активтердің болуы;					
	интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен жаратандырылуы;					
	білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы;					
	білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы;					
	осы діни білім беру мекемесінің жұмыс істеу орындылығының негіздемесі бар республикалық діни бірлестіктер мен өңірлік діни бірлестіктердің қолдау хатының және Қазақстан Республикасының аумағында діни бірлестікті тіркеу туралы куәлік көшірмесінің болуы;					
	діни бірлестік басшылығы бекіткен даярлық бейіні бойынша білім беру бағдарламаларының және оқу жоспарларының болуы;					

	мәлімделген діни білім беру бағдарламаларына Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің сараптама қорытындысының болуы.					
	8.2. «Бакалавр» академиялық дәрежесін тағайындай отырып, жоғары білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес болуы					
	жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыру;					
	ұлттық зерттеу университеттері, зерттеу университеттері, ұлттық жоғары оқу орындары, университеттер, академиялар үшін ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызмет жүргізу, кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау;					
	бір оқытушыға есептегенде студенттер контингентінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім берудің стандарттарына сәйкестігі;					
	штаттағы оқытушылар үлесінің олардың жалпы санының, оның ішінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім берудің стандартының базалық циклдері мен бейінді пәндері бойынша: ұлттық зерттеу университеттері, зерттеу университеттері, ұлттық жоғары оқу орындары, университеттер, академиялар үшін 80 %-дан кем болмауы; институттар (консерваториялар, жоғары мектептер, жоғары училищелер) үшін 70 %-дан кем болмауы; педагогикалық мамандықтар үшін білім беру ұйымының түріне қарамастан 80 %-дан кем болмауы;					
	штаттағы оқытушылар санынан ғылыми дәрежелері және атақтары бар оқытушылардың үлесі: ұлттық зерттеу университеттері, зерттеу университеттері үшін 70 %-дан кем болмауы; ұлттық жоғары оқу орындары (өнер және мәдени білім беру ұйымдарынан басқа) үшін 55 %-дан кем болмауы; институттар (жоғары мектептер, жоғары училищелер) үшін 45 %-дан кем болмауы; медицина мамандықтары үшін 50%-дан кем болмауы; педагогикалық мамандықтар үшін 60%-дан кем болмауы; Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктеріне және Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (қаржы полициясы) ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары					

үшін әскери (арнайы) атағы полковниктен кіші емес, «спорт шебері» және одан жоғары атағы бар ғылыми дәрежелері және атактары бар оқытушылардың үлесі 40%-дан кем болмауы;					
студенттердің келтірілген контингентіне шаққанда толық оқу цикліне саны кемінде 140 бірлік басылымнан келетін оқу және ғылыми әдебиет қорының болуы. Бұл ретте қазақ және орыс тілдеріндегі басылымдар оқыту тілдері бойынша оқушылар контингентіне барабар болуы тиіс. Кітапхана қоры соңғы 5 жылдағы әлеуметтік-гуманитарлық бейіндегі пәндер бойынша; жаратылыстану, техникалық, ауыл шаруашылығы пәндері бойынша соңғы 10 жылдағы басылып шығарылған негізгі оқу әдебиетін қамтуы тиіс. Мамандықтың (әскери мамандықтардан басқа) оқу жоспарының базалық және бейінді пәндерінің цифрлы тасымалдағыштардағы оқу әдебиетімен қамтамасыз етілуі - 40 % - н а н к е м б о л м а у ы . Басқа кітапхана және ғылыми қорлармен, оның ішінде республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапханамен шарттарының болуы;					
жұмыс оқу жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі;					
кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті оқу-зертхана жабдықтарымен жарақтандырылуы;					
студенттің бір жылғы оқуына жұмсалатын ең төменгі шығыстардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті оқу жылына жоғары білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты бекіту жөніндегі қаулысында көзделген шығыстар деңгейіне сәйкестігі;					
практикадан өткізу базалары ретінде белгіленген ұйымдармен жасалған шарттардың болуы; педагогикалық мамандықтар үшін педагогикалық практика базалары бойынша мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарымен тікелей шарттардың болуы;					
әскери мамандықтардан басқа, ұйымдармен және кәсіпорындармен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге шарттардың болуы;					
білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы;					
Әрбір оқу корпусында білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы;					
меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық және материалдық емес активтердің болуы .					
8.3. «Магистр» академиялық дәрежесін бере отырып, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының және ғылыми ұйымдардың қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес болуы:					
жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыру; педагогикалық мамандықтар үшін қазіргі заманғы					

педагогикалық оқу технологиялары саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;					
магистранттарды даярлау мамандығының білім беру ұйымдары ғылыми зерттеулерінің тақырыптарына сәйкестігі;					
тиісті даярлау бағыттары бойынша ғылыми, ғылыми-білім беру , өндірістік және ғылыми-өндірістік орталықтармен ынтымақтастық туралы келісімдердің болуы; педагогикалық мамандықтар үшін бірлескен білім беру және ғылыми жобаларды, оқытушылардың және магистранттардың тағылымдамадан өтуін орындау жөнінде шетелдік университеттермен тікелей шарттардың болуы;					
жұмыс оқу жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі;					
тиісті мамандықтар бойынша штатта ғылым докторының немесе екі философия (PhD) докторының болуы; әскери мамандықтар үшін ғылым докторының немесе философия (PhD) докторының болуы;					
ғылыми дәрежелері және атақтары бар оқытушылардың үлесі штаттағы оқытушылар санынан 70%-дан кем болмауы; мәдениет және өнер білім беру ұйымдары үшін, оның ішінде Қазақстан Республикасының құрметті атағы бар және оларға теңестірілген оқытушылар үлесінің 60%-дан кем болмауы; Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктеріне және Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (қаржы полициясы) ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін әскери (арнайы) атағы полковниктен төмен емес ғылыми дәрежелері және атақтары бар оқытушылардың үлесі 60%-дан кем болмауы;					
тиісті бейіндегі ғылыми дәрежесі, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі, отандық және шетелдік басылымдарда ғылыми жарияланымдары, магистрлік даярлық мамандығы бойынша оқу құралдары бар жетекші мамандардың , штаттағы оқытушылардың магистранттарға ғылыми жетекшілікті жүзеге асыруы;					
әскери мамандықтардан басқа, ұйымдармен және кәсіпорындармен ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге шарттардың болуы;					
тиісті ғылыми даярлық мамандықтары бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименттік базаның болуы;					
меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық және материалдық емес активтердің болуы;					
магистранттың бір жылғы оқуына арналған ең төменгі шығыстардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті оқу жылына арналған жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар					

мамандар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты бекіту жөніндегі қаулысында көзделген шығыстар деңгейіне сәйкестігі;					
білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті және қазіргі заманғы талаптарға сай келетін оқу-зертхана жабдықтармен жаратандырылуы;					
практикадан өткізу базалары ретінде белгіленген ұйымдармен, оның ішінде шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтуге жасалған шарттардың болуы;					
білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы;					
білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы;					
8.4. Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білімнің резидентура кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес болуы;					
кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі, даярлық бейіні бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық конференциялардағы еңбектерінде ғылыми жарияланымдары, оқу құралдары бар кемінде екі даярлық бейіні бойынша ғылыми дәрежелі штаттық маманның болуы;					
тиісті ғылыми даярлық мамандықтары бойынша мамандандырылған ғылыми-әдістемелік, клиникалық, материалдық-техникалық базаның болуы;					
қажетті жабдықпен, зертханалармен, кітапханамен қамтамасыз етілуі;					
жұмыс оқу жоспарының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі;					
тыңдаушының бір жылғы оқуына жұмсалатын ең төменгі шығыстардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті оқу жылына арналған жоғары оқу орнынан кейінгі білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты бекіту жөніндегі қаулысында көзделген шығыстар деңгейіне сәйкестігі;					
практикадан өткізу базалары ретінде белгіленген ұйымдармен (ғылыми ұйымдарды қоспағанда) жасалған шарттардың болуы;					
білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы;					
білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы;					
меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық және материалдық емес активтердің болуы					
8.5. Философия (PhD) докторы және бейіні бойынша доктор (адъюнктура) ғылыми дәрежесін бере отырып Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктеріне және Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (қаржы полициясы) ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі әскери білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес болуы;					

кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі, даярлық бейіні бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық конференциялардағы еңбектерінде ғылыми жарияланымдары, оқу құралдары бар әрбір ғылыми даярлау мамандығы бойынша кемінде бір штаттық ғылым докторының болуы;					
ғылыми дәрежелері мен атақтары бар, оқытушылар үлесінің әскери (арнайы) атағы полковниктен төмен емес штаттағы оқытушылар санының 100 %-нан кем болмауы;					
тиісті мамандық бойынша ғылыми алмасу мәселелерін регламенттейтін ведомствоаралық келісімдердің болуы;					
тиісті ғылыми даярлық мамандықтары бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, тәжірибелік және материалдық-техникалық базаның болуы;					
қажетті жабдықпен, зертханалармен, кітапханамен қамтамасыз етілуі;					
жұмыс оқу жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі;					
тыңдаушының бір жылғы оқуына жұмсалатын ең төменгі шығыстардың тиісті оқу жылына жоғары оқу орнынан кейінгі білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты бекіту жөніндегі тиісті нормативтік актілерде көзделген шығыстар деңгейіне сәйкестігі;					
практикадан өткізу базалары ретінде белгіленген ұйымдармен жасалған шарттардың болуы;					
білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы;					
білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы;					
меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық және материалдық емес активтердің болуы .					
8.6. Философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін бере отырып, докторантура бағдарламалары бойынша біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау жөніндегі білім беру ұйымдарының және ғылыми ұйымдардың қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес болуы:					
бакалавриаттың және магистратураның кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыру;					
ғылыми дәрежелері мен атақтары бар оқытушылардың үлесі штаттағы оқытушылар санының 100 %-нан кем болмауы;					
тиісті мамандықтар бойынша философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор дәрежелері бар шетелдік ғалымдардың болуы;					
тиісті мамандық бойынша шетелдік ғалымдармен келісімдердің болуы;					
ұйымдармен және кәсіпорындармен ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге шарттардың болуы;					

жұмыс оқу жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі;					
докторантура бағдарламаларын іске асыратын аккредиттелген шетелдік жоғары оқу орындарымен және (немесе) ғылыми ұйымдармен ғылыми алмасу туралы шарттардың болуы;					
тиісті ғылыми даярлық мамандықтары бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименттік және материалдық-техникалық базаның болуы;					
докторантура мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті ақпараттық желіге кіре алатын компьютерлік сыныптармен, тиісті мамандық бойынша электрондық дерекқоры бар кітапханалық қормен жарақтандырылуы, ғылыми зертханалардың және мультимедиялық оқу материалдарының болуы;					
практикадан өткізу базалары ретінде белгіленген ұйымдармен, оның ішінде шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтуге жасалған шарттардың болуы;					
білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы;					
білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы;					
меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық және материалдық емес активтердің болуы					

Ескерту: Б - бұзушылықтар бар
Б Ж – бұзушылықтар жоқ
І Б Ж – іс барысында жойылды
Қ Б – қайта бұзушылық
ҚТЖ – қайта тексеру барысында жойылды

Лауазымды тұлға:

_____ 20__ жылғы «__» _____
(Т . А . Ә .) (қ о л ы)

Тексерілу субъектісінің өкілі:
_____ 20__ жылғы «__» _____